

БЕКІТЕМІН
«Тайғобе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Алиева 
«09» 09 2026 жыл

ЛОГОПЕД-МҰҒАЛІМНІҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен түзету жұмыстарын жүзеге асырады.
- Білім беру ұйымдарында инклюзия қағидаларын дамытады.
- Білім алушылардың психикалық, физикалық және физиологиялық (соның ішінде сөйлеу тіліндегі) бұзылуларына диагностика жасайды, олардың құрылымы мен айқындылық дәрежесін анықтайды.
- Мұғалімдермен және басқа да мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, бұзылған функцияларды түзету және қалпына келтіру, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды әлеуметтендіру бойынша топтық және жеке қызметті жүзеге асырады.
- Балаларға көмек көрсетудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану бойынша педагогтарға, білім алушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға кеңес береді.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналымен жүйелі түрде жұмыс істейді: ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен өткізілген сабақтарды, түзету жұмыстарының барысы мен нәтижелерін уақтылы тіркейді, электрондық құжаттаманы және есептерді қатесіз жүргізеді.
- Тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру стандартының талаптарына сәйкес оқытудың әртүрлі нысандарын, тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады.
- Арнайы білім беру бағдарламаларын іске асырады. "Құндылықтарға негізделген білім беру" және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тұжырымдамаларын оқу-тәрбие процесінде іске асырады.
- Өзінің кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде цифрлық сауаттылығын арттырады.
- Әдістемелік кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады. Қажетті есептік құжаттаманы жүргізеді.
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен толерантты қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша мектеп ұжымымен және оқушылармен жұмыс жүргізеді.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын сақтайды.
- Білім беру процесі кезінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын.
- Білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін.
- Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттарын.

- Жас ерекшелік және арнайы педагогика мен психологияны, дефектологияның анатомо-физиологиялық және клиникалық негіздерін.
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дамуында ауытқушылықтың алдын алу және түзету әдістері мен тәсілдерін, дефектологиялық ғылым жетістіктерін.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу ережелері мен нұсқаулықтарын.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелерді.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- "Арнайы педагогика" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат (жұмыс өтіліне талап қойылмайды).
- Біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда санаттарға сәйкес мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін – кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін – кемінде 5 жыл, педагог-шебер (мастер) үшін – кемінде 6 жыл.

Таныстым:

Таныстым:

Аташова Р.Т.
А.А.

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 1-тарау, 8-параграфына (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.